

САБЫР ҚАЗЫБАЙҰЛЫ ЖӘНЕ МҰРАТ МӨҢКЕҰЛЫ

Қадыржан Бекарыс Нысанұлы

Қазақ тілі мен әдебиеті білім бағдарламасының 2 курс студенті
Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ., Қазақстан
Республикасы

Ғылыми жетекшісі, ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.-Аяпова Г.Б.

Сабыр Қазыбайұлы – Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университетінде қазақ әдебиеті тарихынан көп жылдар бойы дәріс оқып, әдебиеттің өзекті мәселелеріне әр уақыт үн қосып, баспасөз беттерінде, арнайы монографиялық зерттеулеріне арқау еткен көрнекті әдебиеттанушы – ғалым, ұлағатты ұстаздық қызметін ғылыми зерттеу бағыттарымен ұштастыра отырып, тынбай сүбелі еңбек жасаған зерттеуші.

Ғылыми-әдеби еңбегі, өмір жолы өзінен кейінгілерге өнеге, халық қазынасынан, даналық тағылымдарын ел игілігіне айналдыру мұратына алдыңғы аға буын зерттеушілер әулетіне шын мәнінде ізбасар-сүйеніш бола білген, тып-тыныш тындырған ісі замандастарын қуантар ырысты қалам иелерінің бірі – Сабыр Қазыбайұлы.

Ұстаз-ғалым Алаш ардақтыларының сарқытындай ұлттық әдебиеттану жолында зерттеушіге тән тиянақтылығын байқататын бір көрінісі өмірбаянын нақтылап өзінің жазып беруінде жатқандығын түйсінеміз. С.Қазыбайұлының өз қолымен жазылған өмірбаян беттеріне тоқталсақ, 1914 жылы қазіргі Атырау облысы, Қызылқоға ауданының Тоғызыншы ауылында дүниеге келген. Қарапайым малшының отбасында дүниеге келгенімен, жастайынан білімге ынтызар болып өсіп, алдымен ауылдық мектепте кейін, аудан орталығындағы оқу орындарында бастауыш мектепті аяқтайды.

Өткен ғасырдың бас кезіндегі ұлтымыздың басына түскен нәубет Қазыбайдың отбасына да кері әсерін тигізеді. Алдымен ашыршылық, одан соңғы асыра сілтеудің ызғарлы лебі аз-кем шаруасы бар отбасына қырсығын тигізіп қана қоймай, М.Мөңкеұлы айтқандай «елден ауа кешу» [1,19] кезеңіне тап келгендей. Сонау Орхон ескерткіштерінен нәр алған түркі жұртының жаугершілік ауыр кезеңіне орай ұлтымыздың киелі саны – санына жеті байланыстыра беруі М.Мөңкеұлының тарихпен байланыстыра бергенінен де хабардар боламыз. Сол жеті санына орай ісі байтақ қазақ жұртына келген жорықшы аузы түкті кәуірлердің, шошақ қалпақты қалмақтардың жан аямас тепкісінен аман қалған қасиетті жердің, ары мен намысы биік батырлары қорғаған, ауыздыға сөз бермейтін, қасиеттілігі мен суырыпсалмалалығының қасиеті көкке қарататын бидеріміздің қадір-қасиеті арқасында қайтарып алған кең жеріміз енді ісі қазағымызға бұйырмайын дегені ме деген ішкі наласы да қатар қозғалады. Ақыры қазақтың басына түскен ауыртпалық Тайсойған өңіріне де ылаңын тигізіп, ел аяғы жеткен жерге бытырай бастаған-ды.

Осы ауыртпалық тұста Қазыбайдың отбасы көрші ел қаласы – Орынборға барып, қара жұмыс істеп, жан сауғалайды. Отызыншы жылдың орта тұсында елге оралып, С.Қазыбайұлы ұстаздықтың алғашқы баспалдағы Гурьев педтехникумының жанынан ашылған педагогтік курсқа қабылданады. Алғаш рет тәрбие, білім, оқушы сынды болашағына ізгі жол салдырған ұстаздықтың тағылымды соқпағы осылай басталған-ды.

«Рухани жаңғырудан барып туындайтын ұлттық мүдде. Ұлттық мүддені бажайлау үшін ұлттық сана керек. Ұлттық санадан ұлттық белсенділік туындамақ» [2, 118] – деген пікірде ұлттық дүниетаным құндылығы жатыр. Ұлттық рухымыздың берік болуына қызмет ету тәуелсіз мемлекетіміздің әрбір саналы азаматының борышы. Өйткені, ұлттық рухтың игілігі үшін қызмет ету ұлттық бірлікті, тұтастықты сақтап, еліміздің елдігіне, болашақ ұрпақтың кемелділігіне қызмет атқару болып саналмақ. Сол себепті рухани, мәдени мұраларымызды осы бағытта бүтін, тұтастық бірлікте зерттеу мәселесінің көтерілуі заңды құбылыс. Бүгінгі көзқарастар тұрғысынан қаралып, зерттеліп, зерделеніп, өзінің лайықты бағасын алуды қажет ететін отандық әдебиеттану ғылымындағы өзекті тақырыптардың нысанына айналуға тиісті тұлға – Халық қаһарманы, кісіліктің қасиетін қаламмен

өрнектеген, ұлттық ұғымды ұлығылаушы қайраткер – Сабыр Қазыбайұлы.

С.Қазыбайұлының ғылыми еңбектерінің бастауы болып табылатын мақалаларына тоқталсақ, әдебиеттану ғылымында орны бар ақын, жырау және жазушылардың әдеби мұрасын жан-жақты талдап, өзіндік көзқарасын білдіріп, батыс өңірі ақын-жыраулары әдеби мұрасын кеңінен қарастыруға арналған.

С.Қазыбайұлының «Әдебиет жайлы ойлар» (Мақалалар жинағы) 2014 жылы Атырау қаласында басылып шықты. Әдебиетші-ғалымның мақалаларына жіктеу жасасақ, жиырма ақын, жазушы, зерттеуші-ғалымдардың еңбектеріне талдау жасаған. Жекелей тоқталсақ, ақын Жамбыл Жабаяевқа – 7 мақала, Мұрат Мөңкеұлына – 6 мақала, С.Мұқановқа – 3 мақала, Абайға – 2 мақала, одан әрі Асанқайғы Сәбитұлы, Бұқар Қалқаманұлы, Махамбет Өтемісұлы, Досы ақын, Нұрым Шыршығұлұлы, Халел Досмұхамедұлы, Ғабит Мүсірепов, Бауыржан Момышұлы, Әбу Сәрсенбаев, Ғабдол Сланов, Жұбан Молдағалиев, Жүмекен Нәжімеденов, Фариза Оңғарсынова сынды қалам қайраткерлерінің әдеби мұрасын терең қарастырып, қазақ әдебиетіне қосқан үлестерін талдай көрсетіпті.

С.Қазыбайұлы XIX ғасыр ақындарының әдеби мұрасын да ерекше орын бере талдап, ұлттық әдебиеті тарихында орны жоғары екендігіне баға берген. М.Өтемісұлы, М.Мөңкеұлы, Д.Бабатайұлы, Н.Шыршығұлұлы, А.Керейұлының әдеби мұралары туралы кең көлемде ғылыми мақалалар жазып, өзіндік пікірін ұсынған. Соның ішінде М.Мөңкеұлы шығармашылығы турасында «Айтыскер ақын», «Дастандарда тарих бар», «Үш қиян» қалай туған еді?», «Ақынның бай мұрасы», «Мұрат - халық поэзиясының мұрагері», «Заманның зәрі мен зары», «Кеудесі жақсылардың алтын сандық, немесе Мұрат мұрасынан сусындайық» атты мақалалар [3,42] жазған. Қазақ әдебиетінде шығармалары қайшылыққа толы күрделі тұлға саналған ақындардың бірі болған Мұрат Мөңкеұлының шығармаларын жанрлық ерекшелігіне орай жан-жақты қарауға болатыны, қай қырынан алып қарасақ та, ақын тұлғасы даралана, биіктей түсетіні, сөз сайысына алдына жан салмағанын, қарсыластарының бәрін де тізе бүктірген ұшқыр ойлы, суырыпсалма айтыскер ақындығын, сонымен бірге ел тарихын, жер тарихын өте жетік білетін шежіреші екендігіне де ерекше баға береді.

XIX ғасырда өмір сүрген замана жыршысы, айтыскер ақын, тарихи жырлардың авторы Мұрат Мөңкеұлының әдеби мұрасына арнап С.Қазыбайұлы 6 мақала жариялаған екен. Мақалаларының дені ақынның 150 жылдық мерейтойына арналып жазылған. «Кеудесі жақсылардың алтын сандық, немесе Мұрат мұрасынан сусындайық» мақаласына тоқталайық. ...Орыс әдебиеті тарихына көз жүгіртсек, XIX ғасыр «алтын ғасыр» аталғанын білеміз. Ал, таланттарды дүниеге әкелу жағынан, бұл мезгіл қазақ топырағы үшін де құнарсыз болмаған сияқты. Басы сонау Абайдан бастап, Біржан сал, Ақан-Сері, Жаяу Мұса, Балуан шолақ, Ғазиз ақын, тіпті Арқаны қойып, біздің өңірде Аралбай, Абыл, Қашаған, Ақтан, Нұрым сияқты кілең бір аузымен от күреп, шоқ тістеген алапат ақындар дүниеге келген. Осы топтың ішінде өзіндік бітімімен Мұрат Мөңкеұлы оқшау көзге түседі» [7,73] деп қорытынды жасайды ғалым.

Жалпы, XX ғасырдың бас кезінде зерттеуге негіз болған М.Мөңкеұлының 1843 жылы Атырау облысының Қызылқоға ауданы Тайсойған, Қарабау өңірінде кедей шаруа жанұясында дүниеге келгендігі, әкесі жастай қайтқандықтан Мұрат ағасы Матай ақынның тәрбиесінде өскендігі Х.Досмұхамедұлы зерттеулерінен белгілі. Ақындықтың буымен жүрген жас Мұраттың шаруаға еш қыры жоқ екендігіне ренжіген ағасы ашуланып, «Әй, қойшы, сенен ештеңе шықпас» деп түңілген көзқарасына жас Мұрат өлеңмен жауап берген екен:

«Ағаке, бұл баладан күдер үзбе,
Одан да мінгізетін тайыңды ізде.
Еншалла, ырыздықтан кем болмаспын,
Өйткені туыппын ғой қоңыр күзде» [4,25]

Матай інісінің бойында табиғи ақындық қасиет барын сезіп, ырза болған екен.

С.Қазыбайұлы Мұрат ақынның XIX ғасырдың екінші жартысында қазақтарға мешіт

салынып, ислам дінін насихаттайтын медреселер ашылып жатқан кез болғандықтан, жастарға білім беру, оларды имандылыққа, адамгершілікке, азаматтыққа тәрбиелеу қадим оқуы бойынша жүргізілгенін, қазақ ауылында «маңдайы шәждеге» тимейтін, яғни қара танымайтын бала болмайтындығын, жаңа қадам басқан қиын оқу арқылы, арап әліппесімен Мұрат қара танып, оқи, жаза алатын дәрежеге жеткенін баяндап, ақынның хат танитындығынан хабар береді. Аз ғана білім табиғатына ақындық дарыны бар жасөспірімнің халық поэзиясын мол игеруіне, ақындық бұлағының көзі ашылуына айтарлықтай септігін тигізгенін, онымен қоса атақты Қуан, Төлеген жыраулардан ноғай қазақ жырларын, «Қырымның қырық батырын» тыңдап үйреніп, жастайынан «жыршы бала» атанғанын нақтылап, Мұрат ақынның жыршылық қырын да танытады.

Одан әрі ақынның өсе келе Қырым, Асаудан бастап, Еділ, Жайық, Ойыл, Сағыз, Жем, Қайнар аймағын мекендеген тайпалардың шежіре тарихын шертетін халық поэзиясын қапысыз зерделеп игергенін, тарихи шежіресін халық қазынасын таратушы, жырлаушы ретінде жыршылық қабілетінің шабытты толғаған тұсын да бағалап өтеді. Ноғайлы жырлары атауымен әдебиет тарихына енген - «Қырымның қырық батыры» жыры жас жаршының табиғи дарынның көкірек көзін ашып, шалқыған шабытына қанат бітіреді. XIV – XVI ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудан бастау алатын ноғайлы жырларын жатқа біліп, ұлан-қайыр қазақ поэзиясын насихаттаушы мұрагерге айналғанның С.Қазыбайұлы сатылай талдап көрсетеді.

М.Мөңкеұлын көре қалған, одан «Қырымның қырық батырын» түгелдей жаттап үйреніп оны 1940 жылы Қазақ Ғылым Академиясының әдебиет пен өнер институтының қорына жаздырған Маңғыстаулық жыршы Мұрын Сеңгірбекұлының Мұрат туралы естелігіне тоқталып, «Мұрат орта бойлы, қара сақалды кісі еді. Ол өлеңді домбырамен айтпайтын, айқай салғанда, қолына ұстаған тостағанымен не телпекпен аузын қағып айтатын еді... Үш жүздің шежіресін арғы жерден бастап осы күнге дейін қалпына келтіріп айтатын. Тыңдап отырған үлкен кісілердің кейбірлері жылап та қоятын. Мен Едіге жырын Мұраттан бірнеше рет есіттім. Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді» деген пайымды пікірін ғалым 1997 жылы «Ана тілі» [3,4] газетіне кең тыныспен толғап қалдырады.

Мұрын жырау Мұрат ақыннан тек «Батырлар жырын» үйреніп қоймай, еңбекқорлықты да үйренгенін, бұл орайда Мұраттың жырды қыста етік тігіп отырып, жазда шөп шауып жүріп үйрететінін, жыршылық қырының да ұстанған өзіндік жолы бар екендігінен хабардар етеді. Жалпы, орта шаруалы отбасынан шыққан Мұрат ақын ән мен жырды жалаң кәсіп етпей, өмірге қызмет ететін құрамды бір бөлшек ретінде түсініп, халық поэзиясын жете меңгеріп, ел қорғаған ерлер туралы толғауларды жырлаумен ғана шектелмей, өзі де батырлық дастандар шығарып отырғандығы белгілі. Бұл орайда 1925 жылы Қызылқоға өңірінің бірінші ауыл азаматы Әбірдің Хасаны жыршыдан «Орақ-Мамай» тарихи жырының қол жазбасын көшіріп алғанын, осы жырды кейінірек Мұрат мұраларымен салыстырғанда, ол Мұраттың «Қарасай – Қазидың» дастанына ұқсас болып шыққанын, бірақ бір ерекшелігі Мұрат ақынның жырдың оқиғасын өзгертіп өзінше өрбіткенін түсіндіре кеткен. Жалпы бұл тұста Жыршы мен Жырау туралы түсінікті айыра білудің қажет екендігін алға тартып, жыршы деген өзінің жаттап алған дастанын сол күйі орындап беретінін, ал жырау өзінің шабытының қалқуына орай, әр жырдың оқиғасын дамытып, үстемелеп жырлайтынын, екі ұғымның айырмашылығына зер салсақ, Мұрат белгілі халық жыры «Қарасай – Қазидың» жаңа нұсқасын жасаған деуге болатынын С.Қазыбайұлы нақты дәлелімен ұсынады.

С.Қазыбайұлы Мұрат ақынның шеберлігін танытатын енді бір топ туындылары оның айтыстары деп тоқталып, жастайынан жыршы атанған жас баланың жиын-тойларда өзі сияқты ақындармен, қақтығысып қалатынын, айтыс дегеннің жас болсын, таланттың шеберлігін ұштайтын мектеп қана емес, халық алдындағы үлкен жауапкершілікті қатар арқалатынын, сондықтан айтысқа түстің екен жеңу мақсат екендігіне тоқталып, ақынның айтыскерлік қырын талдайды. Бұл тұста Мұрат өзінің немере ағасы Матайдың, көпті

көрген ақсақал Есет бидің, ақыл кеңесін пайдаланғанын, сонымен бірге айтысқандар Мұратқа қазақтың шежіресін, он екі ата байұлының тарихын білу көп көмектескенін, нәтижесінде Мұрат айтыс үстінде өзінің қарсыласынан айқын басым түсіп отырғанын санамалай түсіндіреді.

Сөз сайысында жастай араласып жүрген Мұрат төселген сайын сол аймақтағы айтыскерлерге өзі іздеп барып күш сынасып көретін болған. Бұл орайа Жылқышы мен Балаоразбен айтысы, Кете Жаскелен, Жантолы, Тыныштық, Ізімшайырлармен сөз қақтығыстары жетіп, Мұрат осы аталған ақындардың қай-қайсысын да өзінің өткір тілімен баспалатып, кідіртеді, не руынан осал жерінен ұстап сүріндіртеді, немесе кейбіреуінің жеке кемістігін бетіне басады, әйтеуір қайткенде де, жеңіске жетудің амалын табады. Сол үшін айтар сөзден тайынбай батыл сөйлейді. Мысалы «Кете Жаскелеңмен айтысы сол елдегі бір тойды басқаруды жолға таласудан пайда болады. Жаскелең «Байұлының қаңғырған бір баласы» деп Мұратты жасқап тастағысы келеді. Бірақ, оған Мұрат жасымай Жаскеленнің Кете деген, руының Әлім де емес, Байұлы да емес, асыранды бала екенін былай деп мәймендетеді:

«Майлы аяқ болды деп,
Майлыбай деп ат қойып,
Ұран берген мен едім,

- деп Жаскелеңнен той бастар жолдығын тартып алады» [3,75]

Одан әрі Таманың Ізім шайыр атанған жас ақыны Мұратты жеңем деген ақындық қызулықпен, өзін «тамамын, қара бурамын» деп мақтаньш төсін соғады. Сонда Мұрат Ізімнің әдепсіздеу қылығына шамданыш, оның «Тама», «Қара», «бура» деген сөздеріне сүйкімсіз сипаттама беріп, Ізім шайырдың жағын қарыстырып тастайды.

«Бура болсаң шөп жерсің,
Басқа малдан көп жерсің,
Бура болсаң иерсің.

Артынан кейін сиерсің» [3,110].

Мұрат Байұлының ақындары ысық Жылқышы мен таз Балоразбен, Шеркештің әйелі Тыныштықпен айтысқанда да олар мақтаған батыр мырзаларын түкке тұрмастай жамандайды, керісінше өз руы берішті дүниенің тұтқасын ұстап тұрғандай көріп, асыра мақтайды.

Балаоразбен айтысы сәл ғана екі күшті ақынның қақтығысы сияқты бұл кезде үлкейіп қалған Балаоразды, бір жағынан Көкжардағы қаптаған тазды сыйлап, ел жақсылары екеуін айтыстырмағанын, Қашаған мен Мұратты да адай мен беріш үлкен екі ел арасына жік түседі деп айтыстырмады деген де әңгіме болғандығын ескерте отырып, Атырау өңірінің Индер, Қызылқоға аудандары тойлап жатқан ақын Мұрат кейінгі ұрпаққа айта жүрерліктей сөз қалдырған саңлақ талант екендігіне ерекше мән береді. Мақаласының соңын С.Қазыбайұлы «Біз оның мұрасына жаңа ғана назар аударма бастадық. Оның сөзінің мәнісін енді ұға бастадық. Кеудесі жақсылардың алтын сандық деген осы да?!» [3,73] деп қорытады.

Қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып, әлемге танылған, еркіндікке қолы жеткенде, ардақты ақын аталарының асыл туындыларымен оның мұрагер ұрпақтары кеңінен танысатын күн туғанын, жақсылық ұзағынан болмай деп С.Қазыбайұлы әдебиет тарихы бойынша зерттелер шығармалардың молдығына да мән бере кетеді..

Мұрат Мөңкеұлы өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысында ислам дінін тұтынған қазақ елінде мешіттер салынып, медреселер ашылып, хадим оқуы бойынша жастарға білім беру, оларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу ісі бұрынғыдан гөрі өріс болғандығы, дәстүрге енген ағымға орай қазақ ауылында молда алдын көрмеген, маңдайы сәждеге тимеген мұсылман баласы болмағандығын, молданың оқуы арқылы Мұрат қара танып, оқи, жаза алатын деңгейде білім алғанымен, көкірек көзінің жоғарылығы Мұраттың халық поэзиясын мол меңгергенін, ақындық бұлағының көзін ашуға айтарлықтай септігін тигізгеніне де баға береді. Одан әрі ғалым Мұрат ақынның Қырым,

Азаудан бастап, Еділ, Жайық, Ойыл, Жем өңірін мекендеген Ноғай ордасының шежіре тарихын, ноғайлы жырын қапысыз зерделеп игергенін, Ноғайлы жыры Қырымның қырық батыры Мұраттың алғаш сусындаған бұлағы есепті оның «көкірек көзін» ашты деп қорытынды жасайды.

М.Мөңкеұлы – XIV ғасырдың аяқ шенінде өмір сүрген Сыпыра жыраудан бастау алатын Ноғайлы жырын жатқа айтып, жадында сақтаушылардың бірі болып әдебиет тарихына енгені де белгілі. Атақты Мұрын жырау Нұрым, Қашағандармен қатар Мұраттан да «Қырымның қырық батырын» тыңдап үйренді, үйренген халық қазынасы, іргелі зерттеу ошақтары - Қазақтың Ұлттық Ғылым академиясының қорына түсіп, екі том болып баспадан шығарылып, халық игілігіне айналғаны белгілі. Мұрын жыраудың Мұрат ақын берген бағасын портреттік тұрғыдан бастап, жыршылық қасиетін, яғни қолына алған тостағанмен, немесе телпекпен аузын қағып айтып отыратын қасиеттеріне тоқталады. Үш жүздің шежіресін арғы жерден бастап, осы күнге дейін қалпына келтіріп айтатыны сол, тыңдап отырған үлкен кісілердің кейбіреулерінің жылап қоятынын, «Едіге жырын Мұраттан бірнеше рет есіттім. Мұрат мен көрген ақындардың ішіндегі ең күштісі еді» деп ақынның ұлтымыздың тарихи жырды дамытудағы орны ретінде қорытады. Бұл қорытынды пікірі, С.Қазыбайұлы «Ана тілі» газетіне жариялайды.

«Батырлар жырының» Ү томында да : «...Мұрын 37 жасында Мұрат ақынды әдейі іздеп барады. Мұратпен екі-үш ай бірге болып, одан көп жыр үйреніп, көңіліне сақтап алады», - деп қорытынды жасап, Мұрат ақынның халық мұрасы ретінде кең тыныспен танылған «Батырлар жырын» жырлаудағы өзіндік ерекше қырына да тоқталады..

Арқалы ақын Мұрат халық поэзиясын жете меңгеріп, ел қорғаған ерлер туралы толғауларды жырлаумен ғана шектелмей, өзі де батырлық дастандар шығарғаны белгілі. Сол батырлар жыры, тарихи жырлар туындыларында ел әдебиетінің үлгісін өнеге ете отырып, олардың мәні мен мазмұнына сүйеніп, өзінше жаңа жырлар жасайтынына ерекше тоқталған.

С.Қазыбайұлы Ғылым академиясы Мұрын жырлап берген «Қарасай-Қази» жыры мен Мұрат Мөңкеұлының туындысы «Қарасай-Қази» дастанында өзара ұқсастықтарды ретінде, екі жырда да Орақты, Алшы Смайылдар өлтіргенін, Қарасай жауға мінуге Көкше батырдың тұлпарын алғанын, Қибаттың «мені жалғыз тайға саттың» – деп, ағасына өкпеназын айтатынынын, Қарасайдың атты тастап, жаяу кететінін және соғысатын жаулары да қалмақ екені салыстырма жасалып ұсынылған.

Сонымен қатар С.Қазыбайұлы М.Мөңкеұлының дастанының суреттеу-сипаттау тәсілдерінде халықтық тарихи жырдан айырмашылықтар кездесетінін де анықтап береді. Атап айтқанда халық жырында Көкшенің жасы сексенге келсе де, аттан түспеген батыр делінсе, М.Мөңкеұлы Көкшені «Ноғайлының қартайып от басындағы құмалақты көсеумен қуалап отырған батыры» деп қартайған шал сыңайында сипаттайды. Тарихи жыр да Көкшенің мініс аты – Тарлан делінсе, М.Мөңкеұлын да көк бұйра ат деп аталады. Алғашқы жыр Қарасайдың Тарланды Көкшеден сұрамай, жылқыдан өзі ұстап мінгені баяндалып берілсе, кейінгі жыр да Көк бұйра атты Көкшемен саудаласып, Қибатты беретін болып алатыны сипатталады. С.Қазыбайұлы екі жырдың өзара ұқсас жақтары мен айырмашылықтарын салыстырма жасай келіп, екі жырдың мазмұнында жалпы ұқсастық болғанымен, М.Мөңкеұлының дастанының оқиға құрылысы шебер де, көркемдік сипаты әсерлі деген қорытынды жасайды.

Ақын өмір сүрген XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ елі жастарға білім беру, оларды адамгершілікке, имандылыққа тәрбиелеу ісін хадим оқуы бойынша бұрынғыдан гөрі кеңірек жүргізе түседі. Мұрат та сол қиын ескі оқу арқылы оқи-жаза аларлық білім меңгереді. Сол сауаттылық тумысынан сөз өнеріне икем дарыны бар Мұраттың халық поэзиясын оқып үйреніп, ақындық бұлағының көзін ашуына айтарлықтай септігін тигізді. Оған қоса атақты Қуан, Телегей деген жыраулардан Ноғайлы-қазақ жырларын, «Қырымның қырық батырын» тыңдап үйренеді.

Мұрат Мөңкеұлы XIX ғасырдың екінші жартысында қазақ жерінің ұлан-байтақ

батыс өңірінде өмір сүрген, сол дәуірдің сырын танып, сұрқын көріп тарихи куәгері болып өткен ақын. Бұл кезде қазақ жерін түгелдей басып алған орыс патшалығы 1861 жылы жасаған реформасынан кейін қазақ жеріне орыс қара шекпендерін қоныстандырып, халқымыздың сулы да нулы жерлерін тартып алған болатын.

Дәл осы дүрбелең кезінде Мұрат ақын өзінің ардақты «Үш қиян» дастанын толғайды. Ақын Еділ, Жайық және Маңғыстау атырабының үш қиян – үш кең аймақ ұлан-байтақ қоныс екенін, осы ата-мекеннің сонау «Алтынорда» ыдырай бастаған ХІХ ғасырдың аяғынан бері Едіге негізін салған Ноғайлы ордасы заманында басынан кешкен тақсіретін тебірене жыр етеді. Әрине, ақынның зары – елінің азап, шеккен қазақ халқының зары болатын. Сонау ХІV ғасырда дәуірлеп өткен Едігеден бермен қарай, ата жаумен айқасып, әруағын асырған Орақ, Мамай, Қобыланды, Шора, Телағыс, Сидак, Қарт Қожак, Тарғын, Айсаның ұлы Әнет сынды ноғайлы қазақ батырларының дұшпанды бет бақтырмай, ел еңсесін бастырмай, қырып-жойған қаһармандық қайратына сүйсініп, ардақтап та, мадақтап та толғайды. Орыс патшалығы қазақ халқының ұлттық санасын, адамгершілік сапасын тоздырып, қоныстан қуып, қысымды әбден күшейткен шақтағы Исатай бастаған ұлт-азаттық күрестің де ойранға ұшырағанын ақын аза тұтады.

С.Қазыбайұлы М.Мөңкеұлының біліктілікпен айтқан болжамының айна-қатесіз келгенін уақытқа сай өмір салтымыздан көріп, куә болып отырғанын, ақын ХІХ ғасырдың екінші жартысында қазақ елінің басына түскен зобалаңды көзімен көріп, жанымен күйініп өмір сүргенін, сол себепті де қазақ халқының өткендегі дәстүрлі салтын, ұлттық мінез-құлқын аңсайтынын баян еткен. Осыдан келіп қазақ әдебиеті тарихында М.Мөңкеұлы «Зар заман» ақыны болды деп құстаналап, сонау қырқыншы жылдардан бері шығармаларын оқуға тыйым салынып, көмбеде қалғанын, қазақ елі тәуелсіз мемлекет болып, айдай әлемге танылып еркіндік шаққа қолы жеткенде, ардақты ақын аталарының асыл туындыларымен оның мұрагер ұрпақтары кеңінен танысатын сәті түскенін, жақсылық ұзағынан болғай деп өзінше қорытынды жасайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Мұрат. /Құрастырған Б.Қорқытов.-Алматы, Арыс. 2001.-130.
2. Қазақ әдебиетінің тарихы 3-том, Алматы: Ғылым, 2000.-568
3. Қазыбайұлы С. Әдебиет жайлы ойлар (Мақалалар жинағы) Атырау: 2014. -172
4. Мұрат Мөңкеұлы/Құраст. С.Ж.Сапанов, А.М.Нуржанова, Г.Б.Базарғалиев, А.Н.Дәулетова –Атырау, Атырау университеті, 2018.-280.